

«Ержігіт Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицейі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Хаттама

6.09.2022 жыл

№ 1

Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов
Хатшысы: Б.К.Динашов (уақытша атқарушы)

Қатысқандар: 9 (тоғыз) адам. М.Тикеева, Ұ.Есмұрзаев, Ж.Изжанов, Ш.Өтегенова, К.Көпжасар, Б.Нысанбаева, Н.Серімбет.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметін ұйымдастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Жаңа 2022-2023 оқу жылына сәттілік тілей отырып, жиналысты ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссияның атқаратын қызметімен таныстырды.

1. Ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
- тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;
- өнімдерді өткізу мерзімдерін;
- тамақ дайындау сапасын;
- тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;
- ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.

2. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындайды.

3. Комиссия төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

Бракераждық комиссияның құрамы медицина қызметкерін, әкімшілік мүшелерін, өндіріс меңгерушісін, ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің өкілдерін міндетті түрде қоса отырып, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Бракераждық комиссия мүшелерінің саны кемінде 7 адамды, оның ішінде осы мектептің ата-аналар қауымдастығының ішінен кемінде 3 адамды құрауы тиіс. Комиссияның жекелеген мүшелерінің болмауы оның қызметіне кедергі болмайды.

Комиссия құрамын жыл сайын жаңарту ұсынылады.

1. Комиссия қызметінің циклограммасы:

Күн сайын медицина қызметкері немесе жауапты тұлға:

- тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Комиссия күн сайын:

- пайдаланылатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырады (тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттардың көшірмелері жеке папкада сақталады);

- мәзірдің дұрыс жасалуын бақылауды жүзеге асырады;
- тамақтану сапасының мониторингі актісін ресімдей отырып, ас блогының қызметкерлеріне және (немесе) қызметті жеткізушіге алдын ала ескертусіз тамақтану сапасын тексеруді жүзеге асырады.

Тоқсан сайын комиссия жұмысының қорытындысы кейіннен олар білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қарала және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырыла отырып, ақпарат түрінде ресімделеді.

Әр жылдың мамыр, қаңтар айларында комиссия қызметінің қорытындысы жалпы ата-аналар жиналысында қаралады.

Бракераждық комиссия:

- негізгі өнімдерді салу кезінде мезгілімен қатысуы;
 - тамақ өнімдерінің сапасын, олардың сапасын куәландыратын құжаттардың болуын бақылауды жүзеге асыруы (осы құжаттардың ксерокөшірмелері бракераждық комиссияның төрағасында сақталады);
 - тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігін тексеруі;
 - дайын тамақты органолептикалық бағалауды (оның түсін, иісін, дәмін, консистенциясын, қаттылығын, шырынын және т. б. анықтау) «Дайын өнімнің бракераж журналына» органолептикалық бағалау нәтижелерін енгізе отырып жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізуі, бағалауды комиссия мүшелерінің жеке қолдарымен растауы;
 - бракераж жүргізу кезінде «Технологиялық карталарға» сәйкес тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындау технологиясы мен сапасына қойылатын талаптарды басшылыққа алуы;
 - өз функцияларын арнайы берілетін таза киімде (халатта, комбинезонда, бас киімде, аяқ киімде және т. б.) жүзеге асыруы қажет.
- Осы жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында кімнің қандай ұсынысы бар.

Сөз сөйлегендер:

М.Тикеева – комиссия мүшесі. Қазіргі таңда халық арасында індеттің таралуына байланысты, мектептегі тамақтану жүйесіне баса назар аударуымыз керек. Мемлекеттен қойылатын талаптарды басшылыққа алып, жүйелі жұмыс жоспарын құрып, бірігіп қызмет атқаруымыз, бұл болашақ дені сау ұрпақ үшін қызметіміз болмақ. Мемлекеттік талаптарды орындау баршамызға міндет.

Ұ.Есмұрзаев – комиссия мүшесі; тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінің міндеттерін атқаруға келісемін.

Ш.Өтегенова – комиссия мүшесі. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау міндетіміз деп білемін.

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап, төмендегідей шешім қабылдады:

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және тамақтануға қойылатын міндеттерді орындау комиссия мүшелеріне міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы:

Б.А.Танирбергенов

Жиналыс хатшысы:

Б.К.Динашов (уақытша атқарушы)

Хаттама

28.10.2022 жыл

№ 2

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирберген
Хатшысы: Б.К.Динашов (уақытша атқарушы)

Қатысқандар: 7 (жеті) адам. М.Тикеева, Ұ.Есмұрзаев, Ш.Өтегенова,
Б.Нысанбаева, Н.Серімбет.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.2022 -2023 оқу жылындағы І оқу тоқсаны бойынша мектептегі оқушылардың
тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінде атқарылған жұмыстар туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Б.А.Танирберген – жиналыс төрағасы. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша
тамақтану сапасын қадағалау комиссиясының жүргізген жұмыстары туралы таныстырды.

2022-2023 оқу жылының І оқу тоқсанында асхана қызметінің санитарлық-
гигиеналық қорытындысы талапқа сай болды. Ас блогы қызметкерлерінің жеке
гигиенасына қойылатын талаптар сақталып отырылды. Асхана қызметінің талапқа сай
жұмыс жасауында айына екі рет тамақтану сапасына мониторинг актісін жасап, қадағалау
жұмыстарын жүргізіп келеміз. Осы жөнінде өз пікірлеріңізді айтсаңыздар.

Сөз сөйлегендер:

М.Тикеева – директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
-Тамақтану сапасына айына екі рет қадағалау жұмыстарын жүргізіп келеміз. Қадағалау
барысында ас блогы қызметкерлерінің талапқа сай жұмыс жасап отырғандығын
жеткіземін. Тамақ өнімдерін сақтауға арналған қойма үй-жайларында: температуралық-
ылғалдық, азық-түлік өнімдерінің әрбір түріне қойылатын қоймалау нормаларына сәйкес
тауар көршілестігі сақталған.

Ұ.Есмұрзаев – директордың әкімшілік - шаруашылық жөніндегі орынбасары,
комиссия мүшесі.

- Асханадағы электр жабдықтарының жарамдылығы және жай-күйі және резеңке
кілемшелердің болуы қадағаланып отырылады. Су бұру жүйелері, жылу жүйелері,
жарықтандыру жүйелері қалыпты жұмыс жасалып тұр.

Ш.Өтегенова – қамқоршылық кеңес мүшесі, комиссия мүшесі.

- Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз
құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау міндетіміз деп білемін.

Б.А.Танирберген – мектеп - лицей директоры, жиналыс төрағасы. Жиналысты
қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап, төмендегідей
шешім қабылдады:

Қаулы:

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссия мүшелерінің жүргізген
жұмыстары есепке алынсын.
2. Тамақтану сапасына айына екі рет мониторинг жүргізу жұмыстарын жалғастыру
комиссия мүшелеріне тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы: 

Б.А.Танирберген

Жиналыс хатшысы: 

Б.К.Динашов (уақытша атқарушы)

Хаттама

27.12.2023 жыл

№ 3

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов

Хатшысы: Ж.Рахметова

Қатысқандар: 9(тоғыз) адам. М.Тикеева, Ұ.Есмурзаев, Ж.Изжанов, Ш.Өтегенова,
К.Көпжасар, Б.Нысанбаева, Н.Серімбет.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.2022 -2023 оқу жылындағы ІІ оқу тоқсаны бойынша мектептегі оқушылардың
тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінде атқарылған жұмыстар туралы

ТЫНДАЛДЫ:

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша
тамақтану сапасын қадағалау комиссиясының атқарған жұмыстары туралы сөз сөйледі.

Сөз сөйлегендер:

Б.Нысанбаева – мектеп - лицей мейіркеші, комиссия мүшесі.

-Асхана қызметіндегі жарықтары, сынығы бар, шеттері сынған, деформацияланған, эмалі
зақымдалған ыдыстарды пайдалануға болмайтындығы туралы асхана аспазшысына ескертілді.

Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен
қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарына тексеру жұмыстары жүргізіліп отырылады. Тез
бұзылатын өнімдер мен жартылай фабрикаттардың бракераждық журналы бекітілген
нысанда жүргізіліп отырылады. Күн сайын тамақтану залында мектеп - лицей
директорының бекіткен ас мәзірі ілінеді, онда тағамның атауы, әрбір дайын тағамның
шығуы көрсетілген. Ас мәзірінде көрсетілген тағамдар мен аспаздық өнімдердің атаулары
пайдаланылған рецептуралар жинақтарында және технологиялық карталарда көрсетілген
атауларға сәйкес берілген.

Ұ.Есмурзаев – директордың әкімшілік - шаруашылық жөніндегі орынбасары,
комиссия мүшесі.

- Асханадағы қызметтердің талапқа сай жасалып жатқандығына толықтай келісемін.
Асхана қызметін қадағалау жұмыстары жалғасын табады.

К.Көпжасар – қамқоршылық кеңес мүшесі, комиссия мүшесі.

- Менің қадағалау барысында байқағаным мәзірге қойылатын талаптар, асхана
жиһазына қойылатын талаптар, қойма үй-жайларына қойылатын талаптардың орындауда
асхана қызметінде жақсы деген бағаммен атқарылуда деп айта аламын.

Б.А.Танирбергенов – мектеп - лицей директоры, жиналыс төрағасы. Жиналысты
қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан колдап, төмендегідей
шешім қабылдады:

Қаулы:

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссия мүшелерінің жүргізген
жұмыстары есепке алынсын.
2. Тамақтану сапасына айына екі рет мониторинг жүргізу жұмыстарын жалғастыру
комиссия мүшелеріне тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы:  Б.А.Танирбергенов

Жиналыс хатшысы:  Ж.Рахметова

Хаттама

30.03.2023 жыл

№ 4

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов
Хатшысы: Ж.Рахметова

Қатысқандар: 7 (жеті) адам. М.Тикеева, Ұ.Есмурзаев, Ж.Изжанов,
Б.Нысанбаева, Н.Серімбет.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.2022 -2023 оқу жылындағы ІІІ оқу тоқсаны бойынша мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінде атқарылған жұмыстар туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тамақтану сапасын қадағалау комиссиясының атқарған жұмыстары туралы сөз сөйледі.

Сөз сөйлегендер:

Н.Серімбет – мектеп - лицей мейіркеші, комиссия мүшесі.

- Күн сайын дайын өнімнің тәуліктік сынамалары нақты мәзірге сәйкес қалдырылып отырылады. Сынамалар тоңазытқышта қақпағы бар шыны ыдыста, келесі күні дайындалған тағаммен немесе демалыс күнінен кейін таңғы аспен, түскі аспен, бесін немесе кешкі аспен тиісінше ауыстырылғанға дейін кемінде 24 сағат сақталып отырғандығын қадағалап отырамыз. Ас блогының персоналында жұмысқа жіберілген асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшаларының болуы мерзіміне сәйкес болуы тексеріліп, ескертіліп отырылады.

Ж.Изжанов – кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі.

- Асханадағы қызметтердің талапқа сай жасалып жатқандығына толықтай келісемін. Асхана қызметін қадағалау жұмыстары жалғасын табады.

М.Тикеева – директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.

- Асхана қызметіндегі атқарылып жатқан жұмыстардың санитарлық талап деңгейде болуына комиссия мүшелерімен бірлесіп атқарылуда. Ас блогында сатуға тыйым салынған тауарларға жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Б.А.Танирбергенов – мектеп - лицей директоры, жиналыс төрағасы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап, төмендегідей шешім қабылдады:

Қаулы:

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссия мүшелерінің атқарған жұмыстары есепке алынсын.
2. Тамақтану сапасына айына екі рет мониторинг жүргізу жұмыстарын жалғастыру комиссия мүшелеріне тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы:  **Б.А.Танирбергенов**

Жиналыс хатшысы:  **Ж.Рахметова**

Хаттама

26.05.2023 жыл

№ 5

**Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына
мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы**

Жиналыс төрағасы: Б.А.Танирбергенов
Хатшысы: Ж.Рахметова

Қатысқандар: 9 (тоғыз) адам. М.Тикеева, Ү.Есмұрзаев, Ж.Изжанов, Ш.Өтегенова,
К.Көпжасар, Б.Нысанбаева, Н.Серімбет.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.2022 -2023 оқу жылындағы ІҮ оқу тоқсаны бойынша мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінде атқарылған жұмыстарды қорытындылау туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Б.А.Танирбергенов – жиналыс төрағасы. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тамақтану сапасын қадағалау комиссиясының атқарған жұмыстары туралы сөз сөйледі.

Ас блогы қызметіндегі жұмыстар өз мерзімінде күнделікті қадағалаумен жүргізіліп отырылды. Осы жұмыстар бойынша өздеріңіздің атқарған жұмыстарыңызға талдау жасасак.

Сөз сөйлегендер:

Н.Серімбет – мектеп - лицей мейіркеші, комиссия мүшесі.

- Күн сайын дайын өнімнің тәуліктік сынамалары нақты мәзірге сәйкес қалдырылып отырылады. Сынамалар тоназытқышта қақтағы бар шыны ыдыста, келесі күні дайындалған тағаммен немесе демалыс күнінен кейін таңғы аспен, түскі аспен, бесін немесе кешкі аспен тиісінше ауыстырылғанға дейін кемінде 48 сағат сақталып отырғандығын қадағалап отырамыз. Ас блогының персоналында жұмысқа жіберілген асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшаларының болуы мерзіміне сәйкес болуы тексеріліп, ескертіліп отырылды.

Күн сайын тамақтану залында мектеп - лицей директорының бекіткен ас мәзірі ілінді, онда тағамның атауы, әрбір дайын тағамның шығуы көрсетілді. Тамақ өнімдерін сақтауға арналған қойма үй-жайларында: температуралық-ылғалдық, жарық режимі, азық-түлік өнімдерінің әрбір түріне қойылатын қоймалау нормаларына сәйкес тауар көршілестігі сақталды.

Ж.Изжанов – кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі.

- Асханадағы қызметтердің талапқа сай жасалып жатқандығына толықтай келісемін. Жүргізілген жұмыстар барысында қажетті олқылықтар өз мерзімінде жүргізіліп отырылды.

М.Тикеева – директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.

- Асхана қызметіндегі атқарылып жатқан жұмыстардың санитарлық талап деңгейде болуына комиссия мүшелерімен бірлесіп атқарылды. Ас блогында сатуға тыйым салынған тауарларға жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Ш.Өтегенова - қамқоршылық кеңес мүшесі.

- Балалардың дұрыс тамақтануы үшін мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар өз деңгейінде атқарылды деп есептеймін. Дұрыс тамақтанған баланың

құнарлы, пайдалы тағамдарды ата-аналарда балаға үнемі түсіндіріп отыру қажет деп ойлаймын.

Б.А.Танирбергенов – мектеп - лицей директоры, жиналыс төрағасы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап, төмендегідей шешім қабылдады:

Қаулы:

- I. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізудегі комиссия мүшелерінің атқарған жұмыстары есепке алынсын.



Жиналыс төрағасы:

Б.А.Танирбергенов

Жиналыс қызы:

Ж.Рахметова